

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-2](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-2)  
FTAMP: 16.31.02

**А.М. Жумагулова**  
Шәкәрім университеті,  
071412, Қазақстан Республикасы, Семей қ., Глинка к-сі, 20 А  
ORCID: 0000-0001-5535-0030  
e-mail: azhumagulva@mail.ru

## **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ СЕНТЕНЦИЯ (ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ МӘНДІ СӨЗДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)**

**Аңдатпа.** Мәтін – логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас қарым-қатынас бірлігі. Сондықтан мәтіннің құрылысын, белгілі бір кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүру заңдылықтарын айқындау маңызды. Көркем мәтіндерде ашық та, жасырын келетін мәтін түзуші бірліктерді зерттеу үлкен мәнге ие. Мәтінде автор өзінің айтайын деген ойын, белгілі бір мазмұнды беру үшін қандай да бір тілдік маркерлерді пайдаланады. Көркем мәтінде ерекше мазмұндық, әсерлілік сипаты бар сөйлемдер шоғыры сентенцияның қызметін тану тілдік қолданыста қажеттілік тудырады. Әрі бүгінгі көркем мәтін лингвистикасындағы талдаулар тілдік тұлғаның мәдени-әлеуметтік және ұлттық аспектідегі көрінісімен байланысты қарастырылады. Осы ретте Шәкәрім Құдайбердіұлының мәнді сөздері негізінде көркем мәтінде сентенцияның қолданысы мен тыңдаушыға прагматикалық ықпалын көрсету мақсаты қойылды.

Көркем мәтінді талдаудың лингвистикалық аспектісі сөздің эстетикалық, поэтикалық қуатын сезіну, түсіну арқылы өзіндік пайымдаулар жасау тұрғысынан практикалық маңыздылығы зор. Мәтін түрлерін лингвистикалық талдау қалыптасқан әдіснамаға сүйенеді. Зерттеу тақырыбына орай бақылау әдісі қолданылды. Қазіргі тіл білімінде көтеріліп жүрген жаңа бағыттар мен ізденістердің нәтижелерін мәтін талдау барысында қолданудың маңыздылығы мен қажеттілігі зор болмақ.

**Кілт сөздер:** Шәкәрім Құдайбердіұлы, көркем мәтін, мәнді сөздер, сентенция, мәтін лингвистикасы, тілдік тұлға.

### **Кіріспе**

Бүгінгі қазақ тіл білімінде мәтін лингвистикасы жан-жақты зерттелу деңгейінде. Дегенмен, мәтін лингвистикасы, мәтін түзетін элементтерге қатысты әлі біраз мәселелер зерттеулерді қажет етеді. Мәтіннің қандай түрі болмасын оқырманға тілі арқылы танылады. Сол себепті де мәтінді тілдік тұрғыдан талдау, тіл заңдылығын сақтау, тілді байыту тіл мәдениетін жетілдірудің өзегі болмақ. Ал көркем мәтін өнердің бір түрі ретінде бағаланып, оқырманның сана-сезіміне әсер етеді. Әр мәтіннің стильдік қолданысы аясында өзіндік белгілері мен ерекшеліктері болатындығы айқын. Солардың бірі ретінде көркем мәтін құрамына назар аударғанда ерекше мазмұндық, әсерлілік сипаты бар сөйлемдер шоғыры қолданылатындығы байқалады. Олардың қатарын мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, афоризмдер құрайды. Афоризмдердің әдетте авторлары белгілі болады. Солардың бірі – авторлық афоризмдер. Ол мәтінде мәтін түзетін фактор, сентенция ретінде көрінеді.

Сентенция – латынша ой, пікір дегенді білдіреді. Сонымен қатар адамдардың есінде сақталатын терең мағыналы сөздерді сентенция деп қабылдайды. Сентенция – көркемдеуіш құрал, әрі стильдік қызметі жағынан ерекшеленетін тілдік құбылыс. Көркем шығармада оқырман үшін сентенцияның эстетикалық әсері айқын көрінеді. Оқырманның танымдық ой-өрісін биіктете отырып, түйсікке ой салатын сөздер ретінде көрініс береді. Бұл құбылыс көркем әдебиет тілін талдауда жиі байқалады.

Сентенция авторлық афоризмнің бір түрі ретінде ақын-жазушылардың шығармашылық шеберханасында орын алып отырады. Автор сентенцияны стильдік мақсатта жұмсайды. Кей ретте сентенция контекст жағдайында немесе контекстен сырт кезде қолданысқа ие болады. Контексте айтылатын ой нақты түйінделіп, ой қорытындысы ретінде жинақталып ұсынылады. Шығармадағы баяндалатын фактілер мазмұнына қосымша мағыналық реңк үстейді. Оқушы өзіне ерекше әсер еткен мазмұндық өресі биік сөйлемдерді жиі қайталап, сөйленіс дәрежесін кеңейтіп, кең қолданысқа түсіреді. Осындай қолданыстағы сөйлемдер сентенция деп танылып, тілдік фактілер ретінде қызмет атқарады. Демек, сентенция – ақыл-өсиет беретін, терең философиялық мәні, әрі мазмұнды ой тұжырымы бар сөздер.

Сентенциялар құрылымы жағынан жай және құрмалас сөйлемдер түрінде беріліп отырады. Ол прозалық және поэзиялық жанрларда қатар қызмет ететін тілдік құбылыс.

Бүгінгі тілдік қолданыста практикалық тұрғыдан аса қажет, терең философиялық мазмұны мен ой-тұжырымы бар Шәкәрім Құдайбердіұлының мәнді сөздеріндегі мәтін түзуші бірліктер қолданысына назар аудару мен сентенцияның берілуін бағамдау зерттеу мақаланың негізгі мақсаты болды. Көркем мәтіндегі сентенцияның қолданысы мен маңыздылығы уақыт пен кеңістік тарапынан тарылған емес. Әр уақытта да автор-мәтін-оқырман үштағаны үшін қажет.

### **Материал және әдістер**

Бүгінде шығармашылық туындыны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесі тұрғысынан қарастыру айрықша назар аудартады. Мәселен, шығарманың көркемдік табиғатын тануда ондағы тілдік қолданыстарды «тілдік тұлға» теориясы негізінде талдау маңызды болып отыр. Ол қазіргі тіл біліміндегі антропоэлектік парадигма аясындағы мәселелердің бірі ретінде қарастырылады. «Тілдік тұлға» ұғымының пайда болуы жалпы «тұлға» сөзінің жаңа мазмұнмен толығына алып келді. Ол тілді зерттеудің құрылымдық-функционалдық аясынан шығып, жеке тұлғаның ой-өрісі, дүниетанымы мен көзқарасы, рухани-мәдени болмысы, шығармашылық қабілеті ескерілетін антропологиялық тіл білімінің қалыптасуына ықпал етті.

Тіл және тұлға қатынасының өзара байланысын зерттеу әлемдік тіл білімінде сөйлеу және тіл, жеке адам мен ұжым тілі арақатынасы, тілдің әлеуметтік сипаты сынды мәселелерді талдаған В. Гумбольд, А.А. Потебня, И.А. Бодуэн де Куртэне, Ф-де Соссюр еңбектерінде айтылып, орныға бастады. Сонымен «тілдік тұлға» категориясын антропоэлектік бағыттағы іргелі ұғымдардың бірі ретінде тану, автордың сөз саптамындағы тілдік бейнесіне талдау жасау дегенді ұғындырады. Кез келген шығарма авторының даралығы – шығарманың тілінен, көркем мәтінді беру ерекшеліктерінен көрінеді.

А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінде сөз өнерінің ғылымы туралы айта келе, «Сөз өнеріне жұмсалатын зат – сөз, сөз шумағы – тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да тіл я лұғат деп аталады» - деп көрсетеді. Сонымен қатар ақын тілі, әншейін тіл деп шығарма тілін екіге бөліп, ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз көрнекі болып шығатындығын айтады.

Көркем мәтінге тілдік талдауда А. Байтұрсынов негіздеген шығарма тілі тың зерттеулерге жол ашары сөзсіз. Автордың тіл мен әдебиет әлеміндегі еңбектері бүгінгі зерттеулерге, атап айтқанда, антропоэлектік парадигма аясындағы ғылыми пайымдаулардың ең бастапқысы, әрі класикалық негізі деу орынды.

Мәтінтанушы лингвистер көркем мәтінге тән грамматикалық және мазмұндық категорияларды көрсетеді [1]. Дегенмен, мәтіннің ең негізгі категориялары ретінде хабар беруді аталады. Көркем мәтін образ, идеялық-эстетикалық хабарларды жасаушы ретінде қызмет етеді. Мәтінде ең негізгі хабар берудің көзі – мәтіндегі өзек сөздер. Мәтін ішінде автор негізгі ойды ұстап тұрған, әрі ақпарат беретін тірек сөзге назар аудартады.

Шәкәрім Құдайбердіұлының мәнді сөздеріне бойлай қарағанда, әрбір мәнді сөздерінің астарында ақыл мен өнеге, терең философиялық мазмұны бар ойлар көмкерілген. Мұндай рухани мұралардың, мәтін үлгілерінің бүгінгі ұрпақ қолданысында көрінуі үлкен бастамаларға, тың ойлардың ұшқындауына, адами қасиеттердің нығаюына жол ашатыны сөзсіз.

Осы ретте Шәкәрім университетінің білім алушыларымен бірлесе отырып бақылау-зерттеулер жүргізілді.

Зерттеу мақсаты – білім алушының білімі, интеллектісі, мәтінді жалаң күйінде қабылдап қана қоймай түпкі түйсікпен сезінуі жағдайларын бақылау болды. Өйткені, көркем мәтіндегі барлық баяндалатын оқиға оқушысының қабылдауына қарай оның негізгі мазмұны, оқушыға әсері, оған эмоциясы автордың түпкі ойымен байланысты болады. Зерттеуге отыз білім алушы қатысты, олардың жас ерекшеліктері жағынан өзара айырмашылық байқалған жоқ. Өйткені, қатысушылардың денін үшінші курс студенттері құрады. Білім алушылармен жасалған зерттеу жұмысы дискурстық талдауларға бағытталды.

Зерттеу барысында ұсынылған Шәкәрім Құдайбердіұлының мәнді сөздерімен танысқан білім алушылар бүгінгі тіл біліміндегі жаңа өлшем антропоцентристік зерттеулерге қатысты бағамдар жасады. Ақынның мәнді сөздеріндегі тірек сөздер арқылы «адам» концептісі ассоцияланады.

Антропоцентризм екі сөздің «антропо-адам, «центр» - орталық, біріккен мағыналарын білдіреді. Өйткені, Шәкәрімнің «тілдік тұлғасын» тануда антропоцентристік зерттеулердің маңызы зор. Шәкәрімнің көркемдік әлемін бейнелейтін сөз қолданыстары арқылы жеке тұлғаның дискурстық әлеуметін танытатын тілдік бейнесі көрсетіледі.

Ғалым Г. Әзімжанова көркем мәтінді код, байланыс, меңгеру, дүниетаным, тезаурус, қатынасушылардың тарихи, әлеуметтік және ұлттық ерекшеліктері, интенцияның коммуникативті, прагматикалық қарым-қатынас талаптарына сай келетін коммуникация формасы деп көрсетеді. Бұл көркем мәтіннің экстралингвистикалық (когнитивті) аспектісі (прагматикалық және ақпараттық мазмұндық деңгейдегі) коммуниканттардың әлеуметтік және тілдік тәжірибесіне негізделіп, олардың мақсаты мен ақпараттық дүниетанымына сәйкес келетінін айтады. Мәтін лингвистикасындағы лексикалық бірліктердің коммуникативті әлеует негізінде басқа да элементтермен тығыз байланысуын, сөздің эстетикалық мәніне тоқталады [2].

Белгілі тілтанушы ғалым Ж. Манкеева тұжырымына сай, прагматика кеңістік пен уақыт мәнмәтінінде тілді оның иеленушісі санасы мен әрекеті төңірегінде қолдану деп танылса, психоллингвистикада әрбір ұлттың түсініктерді қабылдаудағы, сезіп, танып, тұшыну мен ақпаратты жеткізу және тарату кезіндегі ерекшеліктерін тілдік санада таңбалау делінеді [3]. Бұл пікірден коммуникативтік жағдаятқа байланысты (автор мен оқырман) көркем мәтін авторының оқырманға өз мақсатына сай ниетін көрсете отырып, ықпал жасауы дискурстық прагматика табиғатына сай келетінін көреміз.

Әдебиетке шолу.

Көркем мәтінге лингвистикалық талдау мәтінді грамматикалық, синтаксистік тұрғыдан ғана зерттеу емес, ондағы тілдік бірліктердің мәтін түзудегі жүйесі мен бірлігі, мәтін категориясының қолданысы т.б. мәселелер қарастырылады. Көркем мәтін адамға әсер ету қасиетімен ерекшеленеді. Яғни, мәтіннің прагматикалық қыры басым болады. Көркем мәтін өз оқушысына толық аяқталған хабар түрі ретінде беріледі. Әрі көркем мәтіннің басқа мәтіндерге қарағанда эстетикалық әсері айқын.

Көркем мәтінді тілдік талдауларда бірнеше категориялар аталады. Ол категориялар И.Р. Гальперин зерттеуінде былайша жіктеледі: континуум (жалғастыру), ретроспекция (қайталап отыру), проспекция (болашақ жоспары), модальдылық (үлгі), интеграция (қосылу), аяқталғандық [4]. Ал мазмұндық категорияға: персонаж, уақыт, кеңістік, хабардың түпдерегі, автордың образы, оқушы образы жатқызылады көрсетеді [5].

Бұдан өзге де көркем мәтінді тану мен қабылдауда мәтіннің коммуникативті-прагматикалық шекарасы турасындағы зерттеулерде адресант пен адресат арасындағы коммуникацияны [6], мәтіннің мультимодальдылығы мен мультикодтылығын мәтіннің көпқырлылығын [7], мәтіндік категориялардың тілдік табиғаты турасындағы шетелдік зерттеулерді назарға алуға болады [8], [9], [10], [11].

Зерттеулерде көркем мәтін тілден тыс ситуацияның күрделі белгісі, оның коммуникация бірлігі ретінде қызмет ететіндігі, сондықтан да оны семантикалық, синтаксистік және прагматикалық сипаттамаларының вербалды қалыптасуының жиынтығында терең зерттеу қажет екендігі де айтылады [1].

Көркем мәтін тілін зерттеу аспектісі турасында айтқанда Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармалары тілінің зерттелуі де назар аудартады. Шәкәрім мұраларын тілдік тұрғыдан зерттеу мәтінтануда тың зерттеулерге жол ашуда. Сондай зерттеулер қатарына тілтанушы ғалым, Шәкәрім мұраларының тілдік аясын зерттеуші Б. Момынованың еңбектері аталады. Ғалымның зерттеулерінде Шәкәрімнің стильдік даралығы окказиональды қолданыста айқын көрінетіндігі, дарастильдік сипатымен ерекшеленетін метафоралардың мол кездесетіндігі ерекше аталады [12].

Зерттеу мақаланың негізгі нысаны ретінде алынған сентенция терминінің тіл біліміндегі қолданысы да назар аудартады. Аталмыш терминге «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «өсиет сөз, мәнді сөз» деп түсіндіріледі [13].

Орыс тілінде: «Сентенция (лат. Sententia «мнение, суждение») – изречение нравоучительного характера. В роли сентенций часто выступают пословицы и поговорки, цитаты из произведений классиков и знаменитостей» – деп түсіндіріледі [14].

Википедия ашық энциклопедиясында: «Сентенция – (от лат. sententia, буквально мнение, суждение) краткая латинская апофегма, как правило из античного источника, цитируемая вне контекста» делінген [15].

Берілген анықтамалардан сентенция терминінің ой, пікір, талқы, өсиет мәнді сөз екенін бағамдаймыз. Және бұл ой, пікірдің контекстен тыс қолданыла алатындығын білеміз. Демек, сентенциялар тіліміздегі мақал-мәтел, нақыл сөздер сынды даяр қалпында жұмсалуға қабілетті.

Қазақ тіл білімінің терминдік сөздіктерінде бұл терминге анықтама берілмегенімен, сентенция қолданысы турасында қазақ тіл білімінде А.С. Әділованың «Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі» (Қадыр Мырза Әли шығармалары негізінде) атты кандидаттық диссертациясын атауға болады [16].

Зерттеуші сентенция ұғымына мынадай анықтама береді: «Сентенция – афоризмнің бір түрі, авторы анық көрсетілмеген афоризм, яғни белгілі бір контекстен үзіп алуға келетін, ықшамдығымен, әсерлілігімен әрі интеллектуалдық, эстетикалық талапқа сай келетін, көбіне философиялық, дидактикалық поэзияның жемісі, көптің көңіліне ұялағандай қысқа құрылған нақыл сөз. Мұндағы тұжырым, негізінде, қарсы пікір тудырмастай, терең мәнді, артық-кемі жоқ, «жеті өлшенген» мазмұнды болып, көбіне ашық немесе бұйрық райда айтылады. Сентенция шығарманың соңын немесе шырқау шегін ұштай түсу үшін антикалық, қайта өрлеу және классицизм әдебиетінде кеңінен белгілі болған» [16].

Сондай-ақ аталған зерттеу еңбекте сентенция мен афоризм ұғымдарының ұқсастықтары мен айырмашылықтарын саралай келе төмендегідей қорытындыға келеді: «Сентенция мен афоризмнің басты ортақ белгісі – авторы барлығы. Осынысы оларды әрі ұқсатады, әрі ерекшелейді, себебі сентенция арнайы ойлану, жүйелеу барысында туған ой емес, керісінше, жазу процесінде түрлі фактілерді қорытып, дәлелдеу, оқиғаларды байланыстыру үшін немесе сол автор ойына серпін берер «баспалдақ» ретінде контексте туса, афоризм жеке жанр туындысы, яғни белгілі бір жүйемен, арнайы ойлану, екшеу, сөз үнемдеу процесіне ұшырайтын ерекше формалы – ықшам, өткір, бейнелі тұтас (цельный), бөлшектеуге келмейтін туынды» [16].

Зерттеулерде афоризмдердің адам санасына өзінің айрықша формасымен әсер ететіндігін, әрі оның негізгі мағынасы ойлану нәтижесінде ғана аңғарылатындығын баса айтады. Афоризм қаламгердің өз басынан өткерген, алайда дәлелдеуді қажет етпейтін шындықты рухани қорытып шығаруы нәтижесінде пайда болатындығы, әрі оның көп мағыналы болып, өмір қайшылықтарының өткіншілігіне негізделетіндігі көрсетіледі.

Сонымен афоризм (грекше *aphorismos* – қысқа нақыл) – «белгілі автордың ықшам, ұшталған түрде берілген және дәлдігімен, әсерлілігімен, пайымдауының тосындығымен ерекшеленетін, жалпыланып (жинақталып) айтылған ойы [16].

### **Нәтижелер және талқылау**

Антропоцентристік бағыттағы зерттеулер арқылы ең алдымен қабылдау, ойлау, тіл, есте сақтау, әрекет ету тәрізді адамның танымдық құрылымына назар аударыла бастады. Әрі бұл аталған танымдық құрылымдар өзара бірлікте қарастырылуы маңызды болады. Шәкәрім тілдік тұлғасындағы мәнді сөздердің берілуі, ондағы «дүниенің тілдік бейнесі» – адам, адамның түрлі қасиеті мен іс-әрекеті. Шәкәрім дискурсында адамның бойындағы түрлі қасиеттерін өрнекті, тұжырымды жеткізеді. Мәселен, адамның келеңсіз іс-әрекеттерін сынға алады, мінейді. Соңында олай болмау керектігіне тұжырымды дәлелдемелер жасайды.

- **Сақ адам.** Сақ адам сандығын бекіте алады.
- **Есті адам.** Есті адам тілін тыя алады. Бірақ ешкім ойын тыя алмайды.

• **Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам.** Терең ой, түзу тәжірибесі бар адам ғайыптан хабар береді. Әулие дегені сол болса керек.

• **Өтіріктен тілін тия алмаған адам.** Өтіріктен тілін тия алмаған адам арамдықтан ындынын тия алмас [17].

Сентенцияның жасалуы тілдік факторларға байланысты. Сентенция компоненттерінде тұлғалық бірлік, дыбыстық сәйкестік және мағыналық үйлесім көрініс табады. Автор сентенцияда оқушыға ерекше әсер ететін мазмұндық өресі биік сөйлемдерді жиі қайталап беру арқылы кең қолданысқа түсіреді.

**Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.** Бұл ойлы тұжырымда оқушы үшін басты мазмұндық жағынан әсер етуші «**бас көзі**» «**көңіл көзі**» тіркестерінің қайталанып берілуі.

**Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл.** Мұнда оқушы үшін басты назар іс-әрекетті танытатын «**қанағат қыл**», «**еңбек қыл**» тіркестері назар аудартады [17].

Сентенциялар көбінесе екі бөлімнен тұрады. Құрылымдық ерекшелігі жағынан олар қарама-қарсылық пен параллельге негізделеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы дискурсында көрініс табатын мәнді сөздердің берілуі адресат үшін прагматикалық мәнге ие. Осы ретте құрылымдық ерекшелігі мен қарама-қарсылыққа негізделген сөздерді тізбелеп көрсетсек.

*Мен тарыдай жақсылық қылсам, таудай зұлымдығымды жасырғалы қылам. Сөйтін жүрпін, адам атануға ұялмаймын.*

Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды.

**Жоқтық егіндігіне бір бидай еге алмасаң, барлық қырманынан жалғыз арпа да ала алмассың!**

*Зор дұшпаннан қандай сақтансаң, ұсақ жаудан сондай сақтан.*

*Арыстан көрнеу келеді, қарақұрт пен шаян жасырынып шақса да, уыты аса зиянды»* [17].

Тіл білімінде сентенцияның бірнеше түрлері аталады. Солардың бірі – максима. Ол айтылған ойдың дидактикалық жағы басым түсетін пікір түйіні бар сөздер. Мұндай сентенция түрі жоғарыда аталған мәнді сөздерде жиі көрінеді.

Мысалы: *Бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл*

*Мен зияны тиер деп күдіктенген кісіме жылы жүзбен қараймын. Ақыл снауында мұным-пішініммен айтқан өтірік. Адам баласы зиянкес болғандықтан, амалсыз талай осындай іс істеледі.*

*Адамдар мал-мақтан үшін соғысып, өзі жек көретін өлімге жанын тапсырады* [17].

Адам өз ойын басқа біреуге жай хабар ретінде де, әсер ететіндей мәнерлі етіп те білдіріп отырады. Сөйлемнің экспрессивті мағынасы басқа сөйлем түрлеріне қарағанда сұраулы сөйлемдерде жиі кездеседі. Сондай сұраулы сөйлемнің риторикалық түрі де мәнді сөздерде көрініс береді. Әрі сентенциялық мәнге ие болады.

Мысалы: *Дүниеде сыры өзімен бірге көмілетін адам бар ма екен?*

*Менің пірім мұңғыл болса, не зиян?*

*Мені кім жаратты? деп ойламайтын бас бола ма? Осы өмірден басқа өмір жоқ болатын болса, жаралыспен жағаласып, адамдармен арпалысып өмір сүргенше, жасамаған артық емес пе?* [17].

Мұндай сұраулы сөйлемдер оқығанда дауыс ырғағы қатысуы жағынан жай сұраулы сөйлемдерге ұқсас болғанымен, риторикалық сұрақ ерекше екпінмен, жігермен айтылады. Сондықтан сөйлем болмыстағы қатынастарды білдіру үшін ғана жұмсалмайды, коммуникацияда пікір, ой айтумен қатар екінші адамды іске қосу, ойсалу мақсатын да атқарады.

Байқағанымыздай, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы мәнді сөздердің берілуіндегі сентенция қолданысы автордың түрлі фактілерді қорытып, дәлелдеп, оқиғаларды байланыстырып, әрі оқырман ойына серпін беру мақсатын көздейтіні аңғарылады.

Көркем мәтіндегі автор мен оқырман арасындағы қатысымдық байланыстың өрбуі де терең зерттеулерді қажет етеді. Осы тұста бірнеше ғылыми пайымдаулар келтіре кетсек:

Көркем мәтін – ұлттық құндылықтар мен адамзаттың дүниеге көзқарасын, ақыл-ойын айғақтайтын, таным көкжиегін көрсететін күрделі құрылым. Көркем мәтінде автор танымдық, когнитивті ақпараттарды бере отырып, оқырманмен қарым-қатынас құруда жеке тұлғаның ішкі әлеміне енеді. Осылайша өз танымындағы ақпаратты оқырман танымында қайта түзіп, байланысқа түседі. «Оқырманға жол тартқан көркем мәтін автор мен оқырман арасындағы қарым-қатынас сипатын әрқалай өрбітеді. Оқырманның дүниетанымын кеңейтіп, адресатты қарым-қатынастың жаңа деңгейіне шығаратын көркем мәтіндегі автордың бейнелеулері. Сондықтан жазушы көркем мәтінді жазуда оқырманмен тығыз қарым-қатынаста болып, автор мен оқырман арасында қатысымдық байланыс түзіледі [18].

Көркем мәтінді, автордың ойын қабылдау, түсіну жайында зерттеуші А.С. Әділова көркем мәтінді қабылдау үдерісінде сол мәтінді түсінуге, интерпретациялауға мүмкіндік беретін түрлі тілдік маркерлерді тану қажеттігін атайды. Оның пайымдауынша, тану жаңаны бұрынғымен әруақыт байланыстырып салыстырудан туады. Оқырман осы үдерісте өзінің бұрын игергенін есіне алады, сол кезде образ жүйесі, оқиғалар желісі, жеке кейіпкерлер не автор сөздері өзектенеді, осылай жаңа мәтін (код) ақпараты ашылады, нақты айтқанда, мәтіндердің өзі бірімен-бірі байланысып, диалог орнайды [16].

Ғалым пікірі таным мен қабылдаудың байланысын көрсетеді. Жаңа мәтінді түсіну барысында оқырман өз санасындағы бұрынғы білімімен, тәжірибесімен салыстыру, ақпаратты өн бойынан өткізіп, саралау, өзіндік ой қосуы рефлексия үдерісімен сипатталады.

Көркем шығарманы қабылдау барысындағы автор мен оқырман арасындағы өзара байланыс, танымдық үдерістер, реципиенттің автор пікірін құптауы, өзіндік ой қосуы, сананың шығармашылық қызметімен байланысты екендігі де айтылады.

Академик Д. Лихачевтің зерттеуінде өнер туындысының қабылдануы автормен шығармашылық әріптестікке түсу деп есептеліп, өнер туындысын қабылдауға үлкен эстетикалық әзірлік, талғам, жанжақты, терең білім, эстетикалық талғамға ие саналылық қажеттігі көрсетілген [19].

Көркем мәтіннің мазмұны қабылдаушы санасында қайта жалғасып, дамиды. Көркем мәтінде таным нысаны шектелмей, ондағы ақпарат жалпыға бағытталады. Сол себепті де бір мәтінді бірнеше адам әртүрлі қабылдап, түрлі пікір танытуы мүмкін. Бұл ретте қабылдау үдерісі оқырманның жеке тәжірибесіне, дүниетанымына, біліміне байланысты сараланады. Адресаттың аялық білімі мен көркем мәтінді қабылдауы нәтижесінде оны түсіну мен санасында рефлекске ұшыраған ақпарат ұштаса отырып, жаңа мазмұнды түзеді.

Білім алушылардың ұсынылған мәтінді қабылдауы мен ойқорыту деңгейлерін анықтау мақсатында бақылау жүргізілді.

Зерттеуші В.В. Савельева тұжырымында былайша берілген: Көркем мәтін «өмір сүріп», қызмет атқару үшін қажетті шарт – оқырман тарапынан оқылуы мен қабылдануы. Көркем мәтінді қабылдау, түсіну кезеңдері бар және аталған үдерістің басты төрт компоненті – оқу, түсіну, талқылау (интерпретация), талдау – белгілі [20].

Бұл әр көркем мәтіннің берілуі мен оқырманның қабылдау үдерістерінің бірлестікте жүзеге асырылатыны байқалады. Сонымен қатар көркем мәтіннен метамағыналарды табуда рефлексия мен интерпретация қызметін тану маңызды болады.

Келесі бір зерттеулерде рефлексивті оқуға үйрету керектігін ұсынуы да осымен байланысты деп түсіндіріледі. Онда интерпретация – мәтін мағынасын тілдік таңбалармен жеткізетін, сөзбен берілген рефлексия делінеді [21].

Интерпретация мәтіндегі ойдан басталып, оқырманның өзіндік тәжірибесімен, жеке пікірімен анықталады. Мәтін бойынша түсінгенінді, талдауды интенциялау техникасы арқылы іске асыруға болады. Мәтінге қандайда бір көркемдік идея (метамағына) өзек болады, оқырман сол мәтінді оқу кезінде өзінің нені түсінгенін ой елегінен өткізу арқылы осы метамағынаны табады. Біздің жүргізген бақылау зерттеулер аясында білім алушылардың Шәкәрімнің мәнді сөздерінен нені түсінгендерін ой елегінен өткізе отырып, «адам» метамағынасын өрбітті.

Шәкәрім Құдайбердұлы шығармашылығындағы мәнді сөздер сентенциялардың

берілуіне орай мынадай тұжырымдар жасауға болады:

Тұлға шығармашылығындағы сентенция компоненттері тұлғалық бірлік, дыбыстық сәйкестік және мағыналық жағынан өзара байланыста көрінеді.

Автор сентенцияда оқушыға ерекше әсер ететін мазмұндық өресі биік сөйлемдерді жиі қайталап беру арқылы назар аудартады

Сентенциялар құрылымдық ерекшелігі жағынан олар қарама-қарсылыққа негізделеді.

Сентенциялардың прагматикалық әлеуеті басым көрінеді.

### **Қорытынды**

Шәкәрім шығармашылығына бойлай отырып автордың ойлы, насихатқа толы сөздерінде ақыл, ой сана, адалдық, өмір мен өлім, дін т.б. тақырыптары негізгі діңі, метамағынасы болғандығын көреміз. Ондағы әрбір мәтін күрделі құрылымнан тұрады, олардың өзіндік код тетіктер болады. Сондықтан кез келген мәтінді түзуші бірліктерді, мағыналық байланыстарды, мәтінді түсіну мен қабылдауды білу маңызды болады.

Зерттеу ретінде алынған Шәкәрім Құдайбердіұлының мәнді сөздеріндегі мәтін түзуші бірліктер мен ондағы автор ойын оқырманның қабылдау мен түсінуі маңызды болмақ. Шәкәрім Құдайбердіұлы мәнді сөздерінде кездесетін сентенциялар оқырман үшін тұжырымды ойлар мен пәлсапалық түйіндермен құнды. Бұл автордың өзіндік өрнегі, қайталанбас шеберлігін көрсетеді.

Ақпараттарды берудегі танымның қызметі, сана мен тілдің өзара байланысы дүниені түсінуге ықпал етеді. Тіл арқылы көрініс беретін мәдени құндылықтар адам дүниені қалай қабылдайды, мәдениет пен тілдік бейне қызметі қалай көрінеді деген сұрақтарға жауап береді. Осыған орай ұлт тілінде сақталған халық қазынасы түрлері мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, нақыл сөздердің т.б. көркем мәтіндегі қолданысын танудың мәні зор болмақ.

*Алғыс: Мақала BR28712491 «Шәкәрім Құдайбердіұлының рухани мұрасын әдеби-мәдени, тарихи-этнографиялық, географиялық, лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу: цифрлық интеграция және этнотуризм» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.*

### **Әдебиеттер**

- 1 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: оқулық. – Алматы: Триумф, 2007. – 152 б.
- 2 Әзімжанова Г.М. Қазақ көркем проза мәтінінің прагматикалық әлеуеті. -Алматы: Қазақ университеті, 2007. - 240 б.
- 3 Манкеева Ж.А. Лингвостилистика – тілдік тұлғаны танудың басты көзі. Түркітану мен қазақ филологиясының дамуы: ғылыми мұра және ғалым феномені. – Алматы: Елтаным баспасы, 2014. – 380 б.
4. Галперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – Москва: КомКнига, 2006. – 144 с.
5. Чернухин И.Р. Элементы организации художественно-прозаического текста. – Воронеж: Изд-во ВГУ, 1984. – 115 с.
6. Heinemann M., Heinemann W. Grundlagen der Textlinguistik. Interaktion – Text – Diskurs. - Ebingen: Niemeyer, 2002. – 281 p.
7. Hoffmann M. Stil und Text. – Tübingen: Narr, 2017. – 267 p.
8. Sandig B. Textstilistik des Deutschen. Auflage. – Berlin: Walter de Gruyter, 2006. – 583 p.
9. Janich N. (Hg.) Textlinguistik. Einführungen. – Tübingen: Narr, 2008. – 383 p.
10. Sowinski B. Stilistik. Stiltheorien und Stilanalyse. – Stuttgart: Metzler, 1991.– 247 p.
11. Vater H. Einführung in die Textlinguistik. Struktur, Thema und Referenz in Texten. München: Fink, 1992. – 206 p.
12. Момынова Б. Шәкәрім тілі көркем тіл.  
<https://anatili.kazgazeta.kz/news/64721>
13. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Мектеп, 2008. – 680 б.

14. Большой лингвистический словарь / В.Д. Стариченок. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – 811 с. (Словари)
15. ru.wikipedia.org/wiki/Сентанция
16. Әділова А.С. «Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі» (Қадыр Мырза Әли шығармалары негізінде) Филология ғылымдарының канд. диссерт. – Қарағанды, 1998. – 115 б.
17. Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. 2-том. – Астана: Фолиант, 2018. – 376 б.
18. Сосновская И.В. Стратегия «точки фиксации рефлексии» как способ мотивации к чтению и пониманию классического текста на уроке литературы - Педагогический ИМИДЖ, раздел «Педагогические науки» педагогический имидж. – 2019. – № 3 (44). – 365 с
19. Лихачев Д.С. Избранные труды по русской и мировой культуре. – 2-е изд., перераб. и доп. / сост. и науч. ред. А.С. Запесоцкий. – СПб. СПбГУП, 2015. – 540 с. – (Почетные доктора Университета).
20. Савельева В.В. Художественный текст и художественный мир: проблемы организации. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1996. – 192 с.
21. Богин Г.И. Методологическое пособие по интерпретации художественного текста (для занимающихся иностранной филологией) (рукопись). – 76 с.

### References

1. Smaǵúlova G. Kórkem mátin lingvistikasy: oqulyq. – Almaty: Triumph, 2007. – 152 b. (in Kazakh)
2. Ázimjanova G.M. Qazaq kórkem proza mátininiń pragmatikalıyq áleýeti. – Almaty: Qazaq universiteti, 2007. – 240 b. (in Kazakh)
3. Mankeeva J.A. Lingvostilistika – tildik tulǵany tanyudyń basty kózi. Túrkitanı men qazaq filologiyasynyń damýy: ǵylymi mura jáne ǵalym fenomeni. – Almaty: Eltanym baspasy, 2014. – 380 b. (in Kazakh)
4. Galperin I.R. Tekst kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya. – Moskva: KomKniga, 2006. – 144 s. (in Russian)
5. Chernuhin I.R. Elementy organizatsii hudozhestvenno-prozaicheskogo teksta. – Voronezh: Izdvo VGU, 1984. – 115 s. (in Russian)
6. Heinemann M., Heinemann W. Grundlagen der Textlinguistik. Interaktion – Text – Diskurs. – Ebingen: Niemeyer, 2002. – 281 p.
7. Hoffmann M. Stil und Text. – Tübingen: Narr, 2017. – 267 p.
8. Sandig B. Textstilistik des Deutschen. Auflage. – Berlin: Walter de Gruyter, 2006. – 583 p.
9. Janich N. (Hg.) Textlinguistik. Einführungen. – Tübingen: Narr, 2008. – 383 p.
10. Sowinski B. Stilistik. Stiltheorien und Stilanalyse. – Stuttgart: Metzler, 1991. – 247 p.
11. Vater H. Einführung in die Textlinguistik. Struktur, Thema und Referenz in Texten. – München: Fink, 1992. – 206 p.
12. Momynova B. Shákárim tili kórkem til <https://anatili.kazgazeta.kz/news/64721> (in Kazakh)
13. Buralqyuly M. Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi. – Almaty: Mektep, 2008. – 680 b. (in Kazakh)
14. Bolshoi lingvisticheskii slovar / V.D. Starichenok. – Rostov n/D: Feniks, 2008. – 811 s. (Slovari.) (in Russian)
15. ru.wikipedia.org/wiki/Sentantsiya
16. Ádilova A.S. «Sententsiyanyń tildik tabiǵaty jáne stildik qyzmeti» (Qadyr Myrza Áli shyǵarmalary negizinde) Filologiya ǵylymdarynyń kand. dissert. – Qaragandy, 1998. – 115 b. (in Kazakh)
17. Qudaiberdiuly Sh. Shyǵarmalary. 2-tom. – Astana: Foliant, 2018. – 376 b. (in Kazakh)
18. Sosnovskaya I.V. Strategiya «tochki fiksatsii refleksii» kak sposob motivatsii k chteniyu i ponimaniyu klassicheskogo teksta na uroke literatury – Pedagogicheskii IMIDZh, razdel «Pedagogicheskie nauki» pedagogicheskii imidzh. – 2019. – № 3 (44). – 365 s. (in Russian)
19. Lihachev D.S. Izbrannye trudy po russkoi i mirovoi kulture. – 2-e izd., pererab. i dop. / sost. i nauch. red. A.S. Zapesotskii. – SPb.: SPbGUP, 2015. – 540 s. – (Pochetnye doktora Universiteta).
20. Saveleva V.V. Hudozhestvennyi tekst i hudozhestvennyi mir: problemy organizatsii. – Almaty: ТОО «Daik-Press», 1996. – 192 s. (in Russian)

21. Bogin G.I. Metodologicheskoe posobie po interpretatsii hudozhestvennogo teksta (dlya zanimayushchihsya inostrannoі filologii) (rukopis). – 76 s. (in Russian)

**А.М. Жумагулова**

Шәкәрім университет,  
071412, Республика Казахстан, г. Семей, ул. Глинки, 20А  
ORCID: 0000-0001-5535-0030  
E-mail: [azhumagulva@mail.ru](mailto:azhumagulva@mail.ru)

### **СЕНТЕНЦИЯ В ХУДОЖЕСТВЕННОМ ТЕКСТЕ (НА ОСНОВЕ ЗНАЧИМЫХ СЛОВ ШАКАРИМА КУДАЙБЕРДИУЛЫ)**

**Аннотация.** Текст представляет собой единую коммуникационную единицу со специфическим содержанием, основанную на логических, грамматических и семантических связях. Поэтому важно определить структуру текста, законы его существования в определенном пространстве и времени. Изучение как явных, так и неявных текстообразующих единиц в литературных текстах имеет большое значение. В тексте автор использует определенные языковые маркеры для передачи своей точки зрения и определенного содержания. В современном языковом употреблении необходимо понимать функцию предложения, группы предложений, обладающих особым содержанием и воздействием в литературном тексте. Сегодняшний анализ лингвистики литературных текстов рассматривается в связи с проявлением языковой индивидуальности в культурном, социальном и национальном аспектах. В этой связи, опираясь на значимые слова Шакарима Кудайбердиулы, поставлена цель показать использование предложения в литературных текстах и его прагматическое воздействие на слушателя.

Лингвистический аспект анализа литературного текста имеет большое практическое значение с точки зрения формирования собственных суждений посредством восприятия и понимания эстетической и поэтической силы слов. Лингвистический анализ типов текста основан на устоявшейся методологии. Метод наблюдения использовался в соответствии с темой исследования. Важность и необходимость использования результатов новых направлений и исследований, появляющихся в современной лингвистике, в процессе анализа текста велики.

**Ключевые слова:** Шакарим Кудайбердиев, художественный текст, значимые слова, сентенция, лингвистика текста, языковая личность.

**A.M. Zhumagulova**

Shakarim University,  
071412, Republic of Kazakhstan, Semey, 20 A Glinka Street  
ORCID: 0000-0001-5535-0030  
E-mail: [azhumagulva@mail.ru](mailto:azhumagulva@mail.ru)

### **A SENTENCE IN A LITERARY TEXT (BASED ON THE SIGNIFICANT WORDS OF SHAKARIM KUDAIBERDIULY)**

**Abstract.** A text is a unified communication unit with specific content, based on logical, grammatical, and semantic connections. Therefore, it is important to define the structure of a text and the laws of its existence in a specific space and time. The study of both explicit and implicit text-forming units in literary texts is of great importance. In a text, the author uses specific linguistic markers to convey their point of view and specific content. In modern linguistic usage, it is necessary to understand the function of a sentence, a group of sentences that has special content and impact in a literary text. Today's analysis of the linguistics of literary texts is considered in connection with the manifestation of linguistic individuality in cultural, social and national aspects. In this regard, based on the significant words of Shakarim Kudaiberdiuly, the goal is to show the use of the sentence in literary texts and its pragmatic impact on the listener.

The linguistic aspect of the analysis of a literary text is of great practical importance in terms of forming one's own judgments through the perception and understanding of the aesthetic and poetic power of words. Linguistic analysis of text types is based on established methodology. The observation method was used in accordance with the research topic. The importance and necessity of integrating the results of new trends and research emerging in modern linguistics into the text analysis process are great.

**Keywords:** Shakarim Kudaiberdiuly, literary text, meaningful words, maxim, text linguistics, linguistic personality

**Автор туралы мәліметтер**

**Жумагулова Алия Матаевна** – филология ғылымдарының кандидаты, Шәкәрім университеті, Қазақстан Республикасы, Семей, e-mail: [azhumagulva@mail.ru](mailto:azhumagulva@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5535-0030>.

#### Сведения об авторе

**Жумагулова Алия Матаевна** – кандидат филологических наук, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: [azhumagulva@mail.ru](mailto:azhumagulva@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5535-0030>.

#### Information about the author

**Aliya Zhumagulova** – candidate of philological sciences, Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: [azhumagulva@mail.ru](mailto:azhumagulva@mail.ru), ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5535-0030>.

Редакцияға енуі 20.01.2026

Өңдеуден кейін түсуі 02.03.2026

Жариялауға қабылданды 28.03.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-3](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-3)  
IRSTI: 16.31.41

#### Z.K. Teshaboeva

Tashkent State University of Uzbek Language and Literature named after Alisher Navo'i,  
100100, Republic of Uzbekistan, Tashkent, Yusuf Khos Khojib –103.  
ORCID: 0000-0002-5917-756X  
e-mail: [zteshaboeva@mail.ru](mailto:zteshaboeva@mail.ru)

### THE ENGLISH TRANSLATION VERSIONS OF PHRASEOLOGICAL UNITS OF «BABURNAMA»

**Abstract.** The *Baburnama* is widely recognized as a significant work of world literature and a key monument of Uzbek literary heritage, offering valuable material for translation studies, particularly in relation to stylistic features and translation strategies. Despite extensive research, the rendering of culturally marked phraseological units in its translations remains insufficiently explored. The present study aims to conduct a comparative analysis of phraseological units associated with the lexeme *ko'ngil* ('heart/mind') in the original text of the *Baburnama* and their equivalents in the Russian translation and three English translations by John Leyden (1826), A. S. Beveridge (1921), and W. Thackston (1996). The research employs a qualitative comparative method focusing on semantic, stylistic, and cultural aspects of translation. The findings reveal that translators apply a range of strategies, including literal translation, semantic substitution, and contextual adaptation, which vary in their ability to preserve the national-cultural specificity of the source text. The study demonstrates that differences in translation approaches reflect both the translators' individual styles and the historical context of translation. The results contribute to a deeper understanding of phraseological translation and highlight the challenges of conveying culturally embedded meanings across languages.

**Key words:** «Baburnama», *ko'ngil*-soul, original text, interpretation, Russian-English translation, phraseological units.

#### Introduction

When speaking of *ko'ngil* in original text «Baburnama», it may seem somewhat inappropriate to classify among somatic phraseological units. This is because the term *ko'ngil* can also be understood as an expression denoting a spiritual, emotional or abstract concept at its core. The concept of *ko'ngil* primarily refers to a general notion tied to human psychology, evaluating a person's character, worldview, and mentality.

However, despite its abstract nature in the Uzbek language, *ko'ngil* is conceptually associated with a specific part of the human body, namely the heart. This implicit somatic localization allows it to be considered within the category of somatic phraseological units, particularly in translation.

From this perspective, English translations provide a clear illustration of this shift, as many equivalents explicitly employ the lexeme *heart*. In English, phraseological units related to *ko'ngil*